

"Қазақстан Республикасы әлеуметтік-экономикалық саясатының бірінші кезектегі шараларының 2014 жылға арналған жол картасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 355 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 25 тамыздағы № 947 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының 2014 жылға арналған бірінші кезектегі шараларының жол картасын және оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 сәуірдегі № 355 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) 2-тармақтың 2-тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне ай сайын, есепті кезеңден кейінгі айдың 5-күніне дейін Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы  
ақпарат берсін.»;

2) 3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі ай сайын, есепті кезеңден кейінгі айдың 15-күніне дейін Қазақстан Қазақстан Республикасының Үкіметіне Іс-шаралар жоспарының орындалуы туралы жиынтық ақпарат берсін.»;

3) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының 2014 жылға арналған бірінші кезектегі шараларының жол картасы осы қаулыға 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

4) көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының 2014 жылға арналған бірінші кезектегі шараларының жол картасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары осы қаулыға 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қазақстан

Үкіметінің

2014

жылғы

25

тамыздары

№ 947

қаулысына

1-қосымша

*K. Мәсімов*

Республикасы

Қазақстан

Республикасы

Үкіметтің ініц

2014

жылғы

14

сөздегі

№

355

қаулысымен

бекітілген

## Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының 2014 жылға арналған бірінші кезектегі шараларының жол картасы

### I. 2014 жылды экономиканы дамытушың ішкі және сыртқы тәуекелдері

Ағымдағы жылды әлемдік экономикада дамудың тұрлаусыздығы сақталуда. Ресей Федерациясы мен Қытай сияқты Қазақстанның саудадағы негізгі әріптер елдерінде экономикалық өсу қарқындарының төмендеуі болжануда.

Сұраныстың төмендеуі мұнай-газ саласындағы, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығындағы өндірістің өсуіне, сондай-ақ отандық өнімдер мен көрсетілетін қызметтер экспорттына теріс ықпал етуде.

Халықтың төлемге қабілетті сұранысының, жеке инвестициялардың, кәсіпкерлік белсенділіктің өсуіндегі байқалып отырған бәсендеу, сондай-ақ банк секторындағы проблемалы кредиттердің жоғары деңгейі ішкі өсу көздерін тежейді.

2014 жылғы қантар-маусымда жалпы ішкі өнімнің (бұдан әрі – ЖІӨ) өсуі өткен жылдың осыған үқсас кезеңіндегі 5,1 %-бен салыстырғанда 3,9 %-ға дейін баяулады. Бұл ретте инфляциялық процестердің біршама өскені байқалуда. 2014 жылдың басынан бері инфляция деңгейі 2013 жылғы 2,7 %-ға қарағанда, маусымның соңына 4,8 %-ды құрайды.

Сондай-ақ негізгі капиталға инвестициялардың өсуіндегі бәсендеу негізгі қауіп болып отыр. Ағымдағы жылғы қантар-маусымда инвестициялардың өсуі өткен жылдың осыған үқсас кезеңіндегі 7,9 %-бен салыстырғанда, 5,2 %-ды құрады. Негізгі себеп өндеу өнеркәсібіне инвестиациялардың төмендеуіне байланысты.

Экономиканы кредиттеуді банк секторындағы жұмыс істемейтін және проблемалы кредиттердің елеулі көлемі тежеп отыр. Несие қоржыны құрылымында кредиттік ресурстар берудің өсуінде дамып келе жатқан теңгерімсіздікті де атап өту қажет. «Тұтынушылық кредит беру көпіршігі» де тез дамып келеді, 2013 жылы тұтынушылық қарыздар 55,0 %-ға, 2014 жылдың бірінші жартыжылдығына – 12,5 %-ға өсті.

Бүгінде барлық дерлік табиғи монополиялар салаларының жай-күйі негізгі құралдардың айтарлықтай тозуымен (орташа есеппен алғанда 62 %) және тиісінше ауқымды инвестиациялық салымдардың қажеттілігімен сипатталады.

Сыртқы тәуекелдер айтарлықтай өсіп отыр.

Қазақстанның негізгі сауда әріптері – Ресей мен Қытайда экономикалық өсу

қарқынының төмендеуі сауда-экономикалық ынтымақтастықтың төмендеуіне, Қазақстанның сауда және төлем теңгерімінің нашарлауына әкеп соқтыруы мүмкін.

Еуропа елдері мен АҚШ тарапынан Ресейге сауда-экономикалық санкциялардың енгізілуіне байланысты, ресейлік тауарлардың экспортын қазақстандық дәстүрлі өткізу нарықтарына қайта бағдарлау мен сыртқы нарықтарда отандық тауарлар үшін бәсекелестіктің күшею қаупі орын алуы мүмкін.

Импорттың арналардың шектелу ықтималдығына байланысты, ЕО және АҚШ елдерінен келетін заманауи технологиялардың, жабдықтардың және тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің Ресейден, Қытайдан және басқа да елдерден келетін импортпен алмастырылатын ағыны күрделенетін болады. Бұл маңызды бағдарламаларды, атап айтқанда, индустриялық-инновациялық даму және агроөнеркәсіп кешенін (бұдан әрі – АӨК) дамыту бағдарламаларын іске асыруға кері әсерін тигізуі мүмкін.

Осыған байланысты жаңа өткізу нарықтары мен жаңа көлік бағдарларын іздестіруді жандандырып, Қазақстанның барлық негізгі тауарлық позициялары бойынша әлемнің басқа елдерімен және өндірлерімен сауданы кеңейту қажет.

Евроаймақтағы жұмыссыздық пен борыштың жоғары деңгейіне, сондай-ақ АҚШ-тағы сандық жұмсарут бағдарламасының қыскаруына байланысты жүйелік қауіптер сақталып отыр.

## II. Мақсаты мен міндеттері

Осы Әлеуметтік-экономикалық саясаттың 2014 жылға арналған бірінші кезектегі шаралары жол картасының мақсаты Қазақстан Республикасында экономикалық өсудің тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады.

Экономикадағы өсу қарқынының төмендеуіне жол бермеу мақсатында мынадай міндеттерді шешу қажет:

1) экономикалық өсуді ынталандыру және экономиканың нақты секторына қолдау көрсету;

2) шағын және орта бизнесі (бұдан әрі – ШОБ) қолдау және оған одан әрі орнықты кредит беруді қамтамасыз ету;

3) банк секторын сауықтыру және кредит беруді қеңейту;

4) жекешелендірудің екінші толқынын жүргізуді, тариф саясатын реформалауды, көлеңкелі экономиканы қысқартуды қоса алғанда, жеке секторды қеңейту және жаңа инвестицияларды тарту үшін экономикадағы құрылымдық реформалар шенберінде шаралар топтамасын іске асыру;

5) әлеуметтік жаңғырту және мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіру арқылы халықтың әл-ауқат деңгейін арттыру.

Жоғарыда көрсетілген міндеттерді іске асыру үшін бірқатар қаржылық және

**бағдарламалық**

**құралдар**

**көзделген.**

Мемлекет басшысының бастамасы бойынша экономиканы қолдау және экономикаға кредит беруді кеңейту үшін 2014 – 2015 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Ұлттық қорынан 1 трлн. теңге бөлінетін болады.

2014 жылы 500 млрд. теңге бөлінді, олар 100 млрд. теңге сомада ШОБ-ты қолдау мен кредиттеуге, 250 млрд. теңге – банк секторын сауықтыруға, 150 млрд. теңге – Индустримальық-инновациялық дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын (бұдан әрі – ИИДМБ) іске асыруға бағытталатын болады.

Бұдан басқа Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі – Үкімет) резерві бар, қазіргі уақытта ол 95 млрд. теңгені құрайды. Бұл қаражат, қажет болған жағдайда, дағдарысқа қарсы сипаттағы міндеттерді шешу үшін қосымша пайдаланылатын болады.

«Жұмыспен қамтудың 2020 жылға дейінгі жол картасы» бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) жұмыспен қамтудың өсуін ынталандыру мен қолдаудың маңызды құралы болып табылады, оны 2014 жылы 97,7 млрд. теңге көлемінде қаржыландыру көзделген. Бағдарлама көлік және әлеуметтік инфрақұрылым объектілерін салу және жөндеу, кредиттер беру, аз қамтылған, жұмыссыз және өзін-өзі жұмыспен қамтылған халықты оқыту және жұмысқа орналастыру арқылы дағдарысқа қарсы ден қою тетіктерін қамтиды.

### **III. Бірінші кезектегі шаралардың жол картасын іске асыру бойынша іс-қимылдар стратегиясы**

#### **1. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету**

Ұлттық валюта бағамына жүргізілген түзетуден кейін инфляциялық процестердің жоспарланған дәлізде ұстап тұру үшін инфляцияның өсуін тежейтін шаралар қабылдатын

**болады:**

1) жергілікті атқарушы органдардың өтініштері бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына бөлшек сауда бағаларының шекті жол берілетін мөлшерін бекіту;

2) өндірістік сипаттағы стратегиялық тауарларға (көмір, газ, мазут, дизель отыны) бағаның негізсіз өсуіне жол берілмеуін қамтамасыз ету;

3) негізгі азық-түлік тауарларының тапшылығына жол бермеу үшін тұрақтандыру қорлары ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету.

Ағымдағы жылғы тамызда мемлекеттік органдарға тән емес және бірін-бірі қайталайтын функцияларды өзін-өзі реттейтін үйымдарға беру туралы ұсыныстар әзірленеді.

Жергілікті өзін-өзі басқару (бұдан әрі - ЖӘБ) органдарының қаржылық дербестігі мен салық базасын тартуға мүдделілігін кеңейту мақсатында ағымдағы жылғы тамызда

салық женілдіктерін оңтайландыру, АӨК субъектілеріне салық салу нормаларын, сондай-ақ салықтарды ЖӘБ-ке беруді көздейтін ағымдағы жылғы тамызда салық салу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Заңының жобасы өзірленетін болады.

Бұдан басқа, ағымдағы жылғы қарашада даму бюджеті шеңберінде республикалық және жергілікті бюджеттер арасындағы қаржыландыру салаларының аражігін ажырату бойынша «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы » Қазақстан Республикасы Заңының жобасы өзірленеді.

## 2. Экономикалық өсіуді ынталандыру және экономиканың нақты секторын қолдау

Экономиканы әртараптандыру мен жаңғырту Үкімет жұмысының негізгі басымдығы б о л ы п қ а л а б е р е д і :

1) экономиканы әртараптандыру мен жаңғыртуды қамтамасыз ету үшін ағымдағы жылғы 1 маусымға дейін ИИДМБ өзірлеу аяқталатын болады;

2) ИИДМБ қаржылық қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылы индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін 150 млрд. теңге бөлінеді.

Бұл қаражат Мемлекет басшысы ИИДМБ бекітіп, қаржыландыруға ұсынылатын жобалар тізбесі айқындалғаннан кейін бөлінетін болады. Осы мақсаттарда 2014 жылғы 1 маусымға дейін әлеуетті индустриялық жобалардың тізбесі қалыптастырылатын б о л а д ы .

Қазіргі уақытта нарық тарапынан ағымдағы сұранысты көрсететін 519 млрд. теңге сомаға «Қазақстанның Даму Банкі» АҚ перспективалы жобаларының әлеуетті тізбесі б а р .

Экономиканың өсу қарқынының төмендеуіне жол бермеу және іскерлік белсендерлікті арттыру мақсатында экспортты және сауда әріптерін әртараптандыру бойынша шаралар қабылданатын болады.

Иранға қатысты экономикалық санкциялардың алып тасталуына байланысты, мұнай-газ және металургия өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын Иран нарығына қайта бағдарлау мүмкіндігі бар:

1) қазақстандық өнімдерді Оңтүстік-Шығыс Азия, Таяу Шығыс, Орталық Азия елдеріне жеткізуге арналған қолданыстағы экспорттық келісімшарттарды сақтау, жаңа келісімшарттар іздеу және жасасу, сондай-ақ ішкі нарықта жүйе құраушы кәсіпорындардың өнімдерін тұтынуды ұлғайту бойынша жұмыс жүргізілетін болады;

2) Иран нарығына шығарылатын өнімдер экспортын ұлғайту үшін Үкімет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – Ұлттық Банк) бірлесіп, экспорттық келісімшарттар бойынша қытай юанымен төленетін төлемдерді дамыту бойынша жұмысты жалғастыратын болады;

3) 2014 жылғы 1 маусымға дейін тау-кен металургия кешені өнімдерінің экспортын ынталандыру мақсатында Ақтау теңіз порты арқылы батыс бағытта, сондай-ақ Қытайға тасымалдауды жүзеге асыратын экспорттаушы-кәсіпорындардың

теміржол тарифтеріне жеңілдіктер ұсыну тетіктері пысықталатын болады.

2014 жылғы 1 маусымға дейін қолданыстағы заңнама шенберінде рентабельділігі төмен, аз дебетті, суланған және тұтқырлығы жоғары кен орындары үшін, оның ішінде «Қазақмыс» және «Қазақстан алюминий» компанияларының кен орындары үшін пайдалы қазбаларды өндіруге төмендетілген салық мөлшерлемесін ұсыну бойынша жұмыс жүргізіледі.

2014 жылы Қашаған кен орнында 2,4 млн. тонна көлемінде жоспарланған мұнайдың коммерциялық өндіруге шықпай қалу қауіпі бар. Осыған байланысты мұнай өндірудің жоспарланған көлемін қамтамасыз ету үшін ірі жер қойнауын пайдаланушылар басқа кен орындарында мұнай өндіруді кемінде 81,8 млн. тонна деңгейіне ұлғайту және экспорттау бойынша жұмыстарды жүргізетін болады;

2014 жылғы 1 мамырға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне құрамында алтын бар шикізатты (Доре қорытпасы, катодты және шлихті алтын, зергерлік сыйықтар) Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге тыйым салуды енгізу жөнінде ұсыныстар енгізілетін болады.

Ағымды жылдың ішінде индустримальық жобаларды және өнеркәсіптік инфрақұрылым жобаларын қаржыландыру үшін Ұлттық қордың қаражатын тарту үшін «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ облигациялары шығарылатын болады.

2014 жылғы 1 қарашаға дейін Астана және Алматы агломерацияларын аумақтық дамыту өніраалық схемаларының тұжырымдамалық шешімдерін қоса, 2030 жылға дейін орталықтары Астана және Алматы қалаларында болатын агломерациялар қалыптастырудың ұзақ мерзімді жоспарлары әзірленеді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сактау» (САРАТС-2) жобасының екінші кезеңін іске асыру жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы қабылданады.

2014 жылы Ақмола, Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында белгіленген жиынтық қуаты 35 МВт 9 жақартылатын энергия көздері (бұдан – ЖЭК) объектілерін салу аяқталады.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте Мемлекет басшысына су ресурстарын басқару үшін ұлттық су шаруашылығы компаниясын құру бойынша ұсыныстар енгізілетін болады.

2014 жылдың соңына дейін қазандықтарды орталықтандырылған технологиялық тексеріп қарауды жүргізу, қалалар мен ауылдық елді мекендерді жылумен жабдықтаудың тиімді схемаларын әзірлеуді, бірыңғай техникалық саясатты әзірлеу мен қолдануды, қазандықтардың қайта жарақтандырылуын жүргізуді, қазандықтардағы жабдықтарды заманауи жүйелерге, жылу желістерін ауыстыруды, технологиялық процестерді басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізуі, тұрғын-үй қорын аспаппен қамтамасыз етуді болжайтын, қалалар мен ауылдық елді мекендерді жылумен жабдықтау секторын реформалау бойынша негізгі тәсілдер қалыптастырылды.

Ағымдағы жылғы 1 қазанға дейін арнайы экономикалық аймақтарды (бұдан әрі –

АЭА) ынталандыру мен АЭА жұмыс істеуі мен басқарылуын одан әрі жетілдіруді АЭА инвестициялар тартымдылығын арттыруға бағытталған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне арнайы экономикалық аймақтарды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы әзірленеді.

Бұдан басқа Мемлекет басшысының 2014 жылғы 2 шілдедегі «Жаңа индустрияландыру: 2014 жылғы бірінші жартыжылдық нәтижелері» атты кеңесте берген тапсырмаларын орындау үшін женіл өнеркәсіпті дамытудың жеке бес жылдық кешенді жоспары қабылданады.

Сондай-ақ Үкіметке автомобиль өнеркәсібін мемлекеттік қолдау бойынша ұсыныстар енгізіледі.

Ағымдағы жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының «Офсеттік келісімдер туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оффсеттік саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары әзірленеді. Оффсеттік ынтымақтастық есебінен өндірістерді оқшауландыру, сондай-ақ жергілікті персоналды оқытууды қоса алғанда, жоғары технологиялық өнімді өндіру, жиынтықтаушы өндірісті ұйымдастыру, технологияларды беру, жеткізілетін жабдықтарды жөндеу және сервисі бойынша біріккен кәсіпорындар құру жоспарланып отыр.

### 3. Шағын және орта бизнесі дамыту

ШОБ жобаларын қолжетімді және ұзақ мерзімді негізде қаржы ресурстарымен қамтамасыз ету үшін 2014 жылы 100 млрд. теңге бөлінеді.

«Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ (бұдан әрі – «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ) 2014 жылғы 20 сәуірге дейін шағын және орта бизнес субъектілеріне уақтылы жеткізу үшін екінші деңгейдегі банктерге қаражат орналастыруға кіріседі.

Қаражат «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кредиттерін екінші деңгейдегі банктерде (бұдан әрі – ЕДБ) шартты түрде орналастыру, өндеу өнеркәсібіндегі ШОБ жобаларын қаржыландыру, бұрын қабылданған ШОБ-ты мемлекеттік қолдау бағдарламаларына қатыспаған қарыз алушылардың қолданыстағы қарыздарын қайта қаржыландыру үшін қайтарымды негізде бөлінетін болады.

Бөлінетін қаражаттың 50%-ы бұрын берілген кредиттерді қайта қаржыландыруға, 50%-ы жаңа жобаларды қаржыландыруға бағытталатын болады. Жаңа жобалар пулының кемінде 50 %-ы тамақ өнеркәсібі жобаларын мақсатты қаржыландыру үшін көздөліп отыр.

«Бәйтерек» ҰБХ» АҚ ШОБ субъектілері жобаларының пулын көп қамту үшін 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін капитал нарығына 30 млрд. теңгеге дейінгі сомада қаржы қаражатын қосымша тарту мәселесін пысықтайтын болады.

2014 жылғы 15 сәуірге дейін Үкімет Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкінің өндеу

өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлік жобаларын қаржыландыруды қамтамасыз ету бойынша бірлескен іс-қимыл жоспарын қабылдайтын болады.

2014 жылғы 1 маусымға дейін ШОБ субъектілерінің қаржылық тұрақтылығын арттыру үшін 2013 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салық органдарында есепте тұрған, бірақ 2014 жылғы 1 қаңтарға төленбеген өсімпұлдар мен айыппұлдардан босату жолымен ШОБ субъектілері үшін салықтық амнистия жүргізу бойынша ұсыныстар енгізілетін болады. Бұл ретте субъектілер «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген тәртіппен әкімшілік өндіріп алуды орындаудан босатылуға жатады.

2014 жылғы маусымда «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шенберінде жетіспейтін (өндірістік) индустриялық инфрақұрылымды және индустриялық аймақтарды салуды және реконструкциялауды қаржыландыруды ұлғайту бойынша ұсыныстар енгізілетін болады.

Іскерлік белсенділікті ынталандыру және ШОБ-қа өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықты тарту, сондай-ақ жұмыспен қамтылуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен (бұдан әрі - ҰКП) бірлесіп, 2014 жылғы 1 шілдеге дейін шағын және орта бизнесті ақпараттық-консультациялық қолдауды қамтамасыз ететін бірыңғай бизнес инфрақұрылымын құру, сондай-ақ бизнес жобаларға оқып-үйрету және оларды одан әрі сүйемелдеу мақсатында ісін жана бастаған кәсіпкерлер үшін бизнес оқытулар ұйымдастыру қамтамасыз етілетін болады.

ШОБ-тың іскерлік белсенділігін ынталандыру және жұмыспен қамтылуды қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылғы 1 шілдеге дейін қаражатты қайта бөлу және жергілікті бюджеттің кіріс бөлігін асыра орындау есебінен тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық (бұдан әрі – ТКШ), жол құрылышы, әлеуметтік мақсаттағы объектілерді жөндеу және реконструкциялау саласындағы жобаларды жергілікті бюджеттерден қосымша қаржыландыру бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері қабылданатын болады.

Казіргі уақытта 22,5 млрд. теңгеден астам сомаға жергілікті бюджет кірістері есебінен жергілікті жобаларды қосымша қаржыландыру ұсынылып отыр. Бұл қаражат облыстық, ауылшылік және кентішілік маңызы бар жолдарды салуға, реконструкциялауға және жөндеуге, мектептерді, балабақшаларды, ауылдық дәрігерлік амбулаторияларды, тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық объектілерін, сондай-ақ кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтарын күрделі жөндеуге және салуға бағытталатын болады.

2014 жылғы 1 қазанға дейін Қазақстан Республикасында кәсіпкерлер үшін жағдайды түбекейлі жақсарту мақсатында кәсіпкерлік қызмет мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Заңының жобасы өзірленеді.

2014 жылғы қазанның соңына дейін «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы өзірленеді.

Сонымен қатар ағымдағы жылы электрондық декларациялау экспортты-импорттық операциялар бойынша Біріңгай терезе қағидаты бойынша «Е-Лицензиялау» мемлекеттік дерекқорымен интеграцияланатын болады.

#### 4. АгроОнеркәсіптік кешенді дамыту

Ауыл шаруашылық қайта өндөуде импортты алмастыратын өндірістерді дамыта отырып, елдің азық-түліктік тәуелсіздігін қамтамасыз ету агроОнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі - АӨК) дамытудың негізгі басымдығына айналады. Осы мақсаттарда Қазақстан Республикасында агроОнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2013 - 2020 жылдарға арналған «Агробизнес 2020» бағдарламасын іске асыру шенберінде ауыл шаруашылығы өнімдерін өндөуді басым түрде дамытуға және АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру тетіктерін жетілдіруге бағытталған шаралар қабылданатын болады.

2014 жылғы 15 сәуірге дейін ЕДБ-ге жылдық 3 %-ға дейін кредит беру мақсатында «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» АҚ қорландыру құнын субсидиялауды, АӨК субъектілерін кешенді сауықтыруға ЕДБ-ның қатысуын көздейтін АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру қағидалары қабылданатын болады.

ҰКП, ЕДБ және арохолдингтермен бірлесіп, ағымдағы жылғы 15 сәуірге дейін кәсіпорындарды сауықтыру жоспарларын дайындау үшін бірлескен кредиторлар комитеттері құрылатаң болады.

2014 жылғы 1 маусымға дейін жалпы берешек сомасы 140 млрд. теңге 140 АӨК субъектісі АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру шенберінде мемлекеттік қолдау шараларын алатаң болады.

2014 жылғы 1 мамырға дейін жаңа өндірістік қуаттарды құру және/немесе қолданыстағыларын жаңғырту кезінде АӨК субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеуді көздейтін Инвестициялық субсидиялау қағидалары қабылданатын болады.

Ағымдағы жылдың соңына дейін 36,5 млрд. теңге сомаға АӨК-нің 66 инвестициялық жобасы пайдалануға беріледі.

Жартыжылдықтың қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне АӨК субъектілерін қаржылық сауықтырудың, АӨК субъектілерін инвестициялық субсидиялаудың, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндөу жөніндегі инвестициялық жобалардың іске асырылу барысы туралы есептер жіберіледі.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте егін жинау жұмыстарын дайындау мен жүргізуіді ұйымдастыру бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат енгізіледі.

Бұдан басқа, ауыл шаруашылығында сақтандыру жүйесін жетілдіру және ет пен ет өнімдерінің экспортты бойынша жоспарлы көрсеткіштерге қол жеткізуіді қамтамасыз ету бойынша ұсыныстар енгізілетін болады.

#### 5. Көлік және коммуникация инфрақұрылымын дамыту

Казақстандық тауарлардың экспортын әртаратандыру және елдің транзиттік әлеуетін нығайту мақсатында Оңтүстік, Батыс, Шығыс бағытында жаңа көліктік және логистикалық бағдарлар пысықталатын болады.

2014 жылғы 1 шілдеге дейін Ақтау теңіз портының өткізу қуатын кеңейту үшін 3 күрғақ жүк терминалының құрылышын бастау қамтамасыз етілетін болады.

2014 жылғы 1 шілдеге дейін «Қазақстан темір жолы» АҚ-ның меншікті қаражаты есебінен 36,8 млрд. теңге сомасында болжамды қаржыландырылатын және республикалық бюджет қаражаты есебінен 38,4 млрд. теңге сомасында қоса қаржыландырылатын «Қорғас – Шығыс қақпасы» АЭА аумағында қүрғақ порттың құрылышы басталатын болады.

Жүктердің батыс бағытта және Ақтау теңіз порты арқылы қысқа жолмен шығуын қамтамасыз ету үшін құрылыш жалғасатын болады және 2014 жылғы 1 желтоқсанға дейін Жезқазған-Бейнеу теміржол желісі арқылы қозғалыстың ашылуы жоспарланып о т ы р .

Сондай-ақ ұзындығы 200 км «Бейнеу – Шетпе» участкесінде қозғалыстың ашылуын қамтамасыз ету бойынша шараптар қабылданады.

2014 – 2015 жылдары Лянъюньган портында (ҚХР) терминал салудың басталуы қ а м т а м а с ы з е т і л е д і .

Қытай бағытына, оның ішінде құбыр жолдары және теміржол көлігімен мұнай мен газды тиеп жіберу және олардың транзиттің ұлғайту мәселесі пысықталатын болады.

Ағымдағы жылдың соңына дейін 2015 жылы «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» автомобиль жолының «Алматы – Қорғас» участкесінің пайдалануға берілуіне байланысты, Қытаймен шекарада қосымша өткізу пункттерін салу мәселесі п ы с ы қ т а л а т ы н б о л а д ы .

2014 жылдың соңына дейін ұнемделген 814 млн. АҚШ долларын ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға пайдалану үшін ХҚДБ, АДБ және ЕҚДБ-лермен келісімдерге қол қою бойынша дайындық жұмыстары жүргізіледі.

Ағымдағы жылдың қыркүйекте Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасына 2030 жылға дейін кеңейту жиегімен өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л е д і .

Алты облыс орталығында (Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Орал, Петропавл және Тараз) мемлекеттік органдарға хостинг қызметін көрсету үшін серверлік интернет-тұғырнамасы пайдалануға қосылады. Сондай-ақ жүргізуші қуәліктерін беру және автокөлікті тіркеу бойынша төрт мамандандырылған халықта қызмет көрсету орталығы (Павлодар, Петропавл, Қызылорда және Талдықорған қалаларында) а ш ы л а д ы .

Жылдың соңына қарай «Қазпочта» АҚ меншікті қаражаты есебінен рұқсат құжаттарын автоматтандыру бойынша елдің үш облыс орталығында «Гибридті почта»

жобасын іске асыру және кәсіпкерлермен («франчайзингтік» модель) шарттық қатынастар негізінде жұмыс істейтін «пилоттық» үш ауылдық поча байланысының бөлімшесін ашу мәселелері пысықталады.

Ағымды жылдың соңында жеке меншікті инвестициялар есебінен жалпы ұзындығы 690 км республикалық маңызы бар автожолдар бойынша ақылы жүйені енгізу жобасын іске асыруды бастау қамтамасыз етіледі.

Ақпараттық қоғамға көшу үшін жағдайлар жасау мақсатында 2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымның қолжетімділігін қамтамасыз етуге, отандық ақпараттық кеңістікті дамытуға бағытталған шаралар қабылданады:

1) автоматтандыруға және оңтайландыруға жататын рұқсат беру құжаттарын электрондық форматқа көшірү;

2) мобиЛЬДІ құрылғылар арқылы азаматтарға 50 мемлекеттік көрсетілетін қызмет пен сервис үсіну;

3) цифрлық эфирлік хабар таратудың үшінші кезеңі шенберінде 297 радиотелевизиялық станцияны іске қосу.

2014 жылғы қазанда жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық және «KazSat-3» ғарыш жүйесінің байланыс және хабар тарату жүйесін және 2014 жылғы желтоқсанда Жерді қашықтықтан зондтау жүйесін іске қосу қамтамасыз етіледі.

## 6. Қаржы жүйесін дамыту және банк секторын сауықтыру

Банк секторын сауықтыру және қаржы жүйесін сапалы дамыту үшін мынадай шараларды іске асыру көзделіп отыр.

Банктерден «нашар активтерді» сатып алуды қаржылық қамтамасыз ету үшін «Проблемалы кредиттер қоры» АҚ-ны (бұдан әрі - ПКК) Ұлттық қор қаражатынан 250 млрд. теңге мөлшерінде капиталдандыру көзделеді.

Осыны ескере отырып, ПКК-ның ЕДБ-ден проблемалы активтерді сатып алуы арқылы жұмыс істемейтін кредиттердің үлесін азайту бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

Бұл ретте ПКК қызметі экономиканың нақты секторындағы түпкілікті қарыз алушы кәсіпорындардың қаржылық жағдайын сауықтыруға ықпал ететін болады.

2014 жылғы 1 маусымға дейін, ПКК-нің банктерден проблемалы активтерді түрлі тәсілдер негізінде олардың құнын айқындағы отырып сатып алудың оңтайлы тетіктерін, сондай-ақ ПКК-ның проблемалы қарыз алушылардың қызметін қайта құрылымдау бойынша мамандандырылған компанияларды тартуын көздейтін ПКК жұмыс істеуінің жаңа тұжырымдамасы қабылданатын болады.

2014 жылғы 1 маусымға дейін екінші деңгейдегі банктер жанындағы Стресті активтерді басқару жөніндегі компаниялардың өкілеттіктерін кеңейту бойынша нормативтік құқықтық актілер қабылданатын болады.

2014 жылғы сәуірде екінші деңгейдегі банктерге және стресті активтерді басқару

жөніндегі компанияларға салық салуды жетілдіру бойынша Қазақстан Республикасының Салық кодексіне өзгерістер енгізілетін болады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 1 қантарға қарай ЕДБ-нің жұмыс істемейтін кредиттерінің үлесін 10%-ға дейін төмендету бойынша пруденциялық нормативті қабылдауы банктерді «нашар активтерден» тез арылуға ынталандыратын болады.

Ішкі нарықты ұлттық валютада ұзак мерзімді қорландырумен қамтамасыз ету үшін 2014 жылғы 1 мамырға дейін Зейнетақы активтерін (БЖЗҚ активтерін) басқару жөніндегі тұжырымдама әзірленетін болады.

Қаржы секторын дамытудың ұзак мерзімді перспективаларын айқындау мақсатында 2014 жылғы шілдеде Қаржы секторын 2030 жылға дейін дамыту жөніндегі тұжырымдама қабылданатын болады.

Ағымдағы жылдың соына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне төлемдерді төлем карточкалары және мобильді құрылғылар бойынша өндеу үшін банкаралық инфрақұрылымды қалыптастыру (жаңғырту) бойынша ұсыныстар енгізілетін болады.

7. Жекешелендірудің екінші толқынының басталуы және «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру

Мемлекеттің экономикаға қатысуын азайту және жеке кәсіпкерлікті дамыту мақсатында жекешелендірудің екінші толқынын одан әрі іске асыру қамтамасыз етілетін болады.

2014 жылғы сәуірде жекешелендіруге жататын квазимемлекеттік сектор ұйымдарының тізбесі айқындалатын болады.

Тізбеке респубикалық меншіктегі 32 ұйым, коммуналдық меншіктегі 586 обьекті және ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің құрылымына кіретін 191 ұйым алдын ала енгізілді.

2014 жылғы мамырда нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізіліп, квазимемлекеттік сектор ұйымдарын жекешелендіруді қамтамасыз ету бойынша дайындық жұмысы аяқталатын болады.

2014 жылғы маусымда квазимемлекеттік сектор ұйымдарын бәсекелес ортага дайындау және беру процесі басталады.

2014 жылдың бірінші жартыжылдығының соына дейін «шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын» және «жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын» институттарын тарататын отырып, мемлекет меншігінде қалатын ұйымдар үшін бірыңғай ұйымдық-құқықтық нысанды айқындау бөлігінде мемлекеттік меншіктің ұйымдық құрылымын реформалау бойынша тұжырымдамалық тәсілдер әзірленетін болады.

«Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру жандандырылатын болады:

1) 2014 жылғы сәуірде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тобына

кіретін компанияларды орта мерзімді кезеңге қор нарығына шығару кестесі  
а́й қындалатын б о л а д ы ;

2) 2014 жылғы 1 мамырға дейін «Халықтық IPO» бағдарламасына енгізілген  
компаниялардың жарғылық капиталына берілген стратегиялық обьектілерді иеліктен  
шығару мәселесі бойынша тұжырымдамалық тәсілдер айқындалатын болады;

3) 2014 жылғы маусымнан бастап қор нарығына 2014 жылы - «KEGOC» АҚ, 2015  
жылы - «Самұрық-Энерго» АҚ шығару бойынша дайындық жұмыстары басталады.

2014 жылдың қыркүйегінде акциялары одан әрі елдің қор нарығына шығарылатын  
кандидат компаниюлар анықталады .

2014 жылғы желтоқсанда Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық  
актілеріне мемлекеттік меншік құрылымын реформалау бойынша өзгерістер мен  
толықтырулар енгізу бойынша Заң жобасының тұжырымдамасы әзірленеді.

8. Тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарту және тарифтік саясатқа жаңа  
көзқарасты қалыптастыру

Тікелей шетелдік және отандық инвестицияларды тарруды кеңейту мақсатында  
инвесторлар үшін ынталандырулардың жаңа топтамасын көздейтін заң қабылданатын  
б о л а д ы .

2014 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасы Парламентіне «Кейбір  
заңнамалық актілерге инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша  
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы  
енгізілетін б о л а д ы , ол :

1) мынадай мемлекеттік қолдау шараларын:  
объекті пайдалануға берілгеннен кейін мемлекет тарапынан инвестициялық  
шығындардың (инвестициялық субсидия) 30 %-ға дейінгі өтемақысын;  
корпоративтік табыс салығын төлеуден босатуды;

ұлттық холдингтер, ұлттық компаниялар және мемлекеттік мекемелер тарапынан  
инвесторлардың тауарлары мен көрсететін қызметтеріне ұзак мерзімді тапсырысты  
енгізе отырып, инвесторлармен инвестициясыз келісімшарттар жасау тетігін түбөгейлі  
қ айт а к а р а у д ы ;

2) салық және экология салаларындағы заңнаманың және шетелдік, отандық  
инвесторлармен жасалатын келісімшарттар шеңберінде болжанатын ұзак мерзімді  
кезеңге арналған тарифтердің 10 жылға «тұрақтылық» қағидатын;

3) Қазақстан Республикасы Индустрія және жаңа технологиялар министрлігі  
Инвестициялар комитетіне инвесторлардың сұрау салуы бойынша рұқсат беру  
құжаттарын беруді үйлестіру бойынша функцияларды бере отырып, инвесторлар үшін  
«бір терезе» қағидатын, инвестициялық омбудсмен институтын енгізуіді;

4) сотқа дейінгі реттеу тетігін енгізуіді және инвесторлардың халықаралық  
коммерциялық төрелікке қол жеткізуін кеңейтуді көздейді.

2014 жылғы 1 маусымға дейін мемлекеттік органдар және ұлттық холдингтер мен

компаниялар Қазақстанда «зәкірлік» инвестициялық жобаларды іске асыру бойынша ірі шетелдік инвесторлармен және трансұлттық корпорациялармен тікелей келіссөздер жүргізетін б о л а д ы .

2014 жылғы 1 мамырға дейін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2013 жылғы 3 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының шенберінде жобаларды жоспарлау және іріктеу мәселелері бойынша Үкіметтің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізілетін болады.

Заңды іске асыру үшін ағымдағы жылдың желтоқсанына дейін халықаралық қаржы үйымдарымен бірлесіп, инвестициялық ахуалды одан әрі жақсарту бойынша ұсыныстар әзірленеді .

Жауапты мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялардың ірі шетелдік инвесторлармен және трансұлттық корпорациялармен, оларға тиісті міндеттер мен функцияларды бекіте отырып, тікелей келіссөздер жүргізеді, олардың нәтижесі бойынша Үкіметке тоқсан сайынғы негізде ақпарат берілетін болады.

2014 жылғы қыркүйекте әлемдік практикаға сәйкес мемлекеттік-жекешелік әріптестіктің (бұдан әрі – МЖӘ) барлық аспектілерін қамтитын МЖӘ туралы кешенді дербес заң жобасының тұжырымдамасы әзірленеді.

2015 жылғы 1 қантарға дейін Экономикалық ынтымақтастық және даму үйымы (бұдан әрі – ЭЫДҰ) Қазақстанның инвестициялық саясатының екінші шолуы өткізіледі.

Ағымдағы жылғы желтоқсанда ЭЫДҰ елдерінің озық стандарттарын қабылдау және Қазақстанның ЭЫДҰ әртүрлі құрылымдарына қосылуына қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мен ЭЫДҰ арасындағы 2015 - 2016 жылдарға арналған Елдік бағдарлама қабылданатын болады.

Инвестициялық тартымдылықты арттыру, сондай-ақ табиғи монополиялар субъектілерінің (бұдан әрі - ТМС) негізгі құралдарын жаңғыртуға және жаңартуға инвестициялар салуға ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекет реттейтін тарифтер мен бағалардың болжамдылығын қамтамасыз ететін б о л а д ы .

Осыланысты 2014 жылғы 1 шілдеге дейін табиғи монополиялар салаларындағы 2020 жылға дейінгі тарифтік саясат жөніндегі бағдарлама әзірленіп, Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізіледі, ол ТМС реттеуде мынадай жаңа тәсілдерді :

1) ТМС көрсететін қызметтерге қолданылу мерзімі 5 және одан көп жыл болатын шекті (ұзақ мерзімді) тарифтерді бекіту арқылы қысқа мерзімді реттеуден ұзақ мерзімді реттеуге етуді ;

2) ТМС-тің тарифтерді бекітуге байланысты өтінімдерін ұсыну рәсімдерін женеңдету арқылы мемлекеттік реттеу және әкімшілік жүктеме дәрежесін төмендетуді;

3) ТМС-тің инвестициялық бағдарламаларды орындаудың және тарифтердің өсуінен

алынатын қаражатты мақсатты пайдалануын бақылау тетіктерін жетілдіруді көздейді.

Бұғінгі күні инвестициялық жобалар үшін шығындардың елеулі бөлігін электр энергиясы мен газ шығындары құрайды, олар табиғи монополиялар салаларына жатқызылмаған, алайда олардың бағаларын мемлекет реттейді.

Электр энергиясы мен газ бағаларының болжамдылығын қамтамасыз ету мақсатында 2014 жылғы маусымда тиісті салалық министрліктер ҰКП-мен бірлесіп, ұзақ мерзімді шекті бағаларды 5 және одан көп жылға белгілеу энергия беруші үйымдарды ірілендіру арқылы электр энергиясын тасымалдауға жұмсалатын шығындарды азайту мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар

енгізілетін

болады.

Тауар нарықтарын дамыту, олардың инвестициялық тартымдылығын, сондай-ақ сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін 2014 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне табиғи монополиялар субъектілерінің реттеліп көрсетілетін қызметтерін (тауарларын, жұмыстарын) бәсекелес ортаға шығару түрғысынан оларға кешенді талдау жүргізу жөніндегі іс-шаралар жоспары енгізілетін болады.

2014 жылғы 1 шілдеге дейін:

1) монополияға қарсы органдардың тауар нарықтарына талдау жүргізуге ҰКП-ның қатысуы;

2) тауар нарықтарындағы бәсекелес ортаның жай-күйін талдау нәтижелерін Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігінің сайтында міндетті түрде жариялады

қамтамасыз

ету;

3) Мемлекеттік субъектілер тізілімінен нарықта басым немесе монополиялық жағдайға ие субъектілерді алып тастау рәсімін жеңілдету бөлігінде «Бәсекелестік туралы» Қазақстан Республикасының Заны 43-бабының нормаларын ескере отырып, бәсекелес қатынастарды дамыту жөніндегі ұсыныстар енгізілетін болады.

2014 жылғы 1 қазанға дейін тауар нарықтарын, олардың инвестициялық тартымдылығын, сондай-ақ сыртқы нарықтардағы бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында көрсетілетін қызметтердің жекелеген түрлерін мемлекеттік бағалық реттеуден шығару мақсатында реттелетін нарықтарға тексеру жүргізіледі.

Ағымды жылдың соңына дейін Еуропа қайта құру және даму банкімен бірлесіп, табиғи монополиялар салаларындағы тарифтік саясатты жетілдіру бойынша әзірленген ұсыныстар жолданатын болады.

## 9. Қөлеңкелі экономикаға қарсы курс

Қөлеңкелі экономикаға қарсы күрес экономиканың қосымша өсуін, оны зандастыруды және бюджетті толықтыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2014 жылғы 1 маусымға дейін қаржы капиталын зандастыру жөнінде заң жобасы

әзірленетін

болады.

Озекті сипат берілген Қөлеңкелі экономикаға қарсы күрес жөніндегі жоспарды іске

асыру, үлесі негұрлым жоғары экономика салаларында көлеңкелі экономиканы төмендетуге акцент жасай отырып, жалғастырылатын болады.

2014 жылғы 1 мамырға дейін занды тұлғалар мен дара көсіпкерлер үшін банк шоттарынан қолма-қол ақша алу лимитін белгілеу және сауда-экономика саласында қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды одан әрі ынталандыру бойынша ұсыныстар әзірленетін болады.

2014 жылғы 31 желтоқсанға дейін экономика салаларында деректерді табыстау функциясы бар бақылау-кассалық машиналарды міндettі түрде қолдануды кеңейту мәселесі бойынша заңнамалық шаралар әзірленетін болады.

2018 жылдан бастап осы критерийлерге сәйкес келмейтін объектілерді пайдалануға тыйым салуды енгізетін, 2014 жылғы қазанда «заманауи сауда объектісі» ұғымын айқындаудың нақты критерийлерін айқындайтын заң жобасы әзірленетін болады.

Сауда объектілерінің заманауи сауда форматына өтуін мемлекеттік қолдау үшін қазіргі заманауи форматтағы сауда объектілерін салу саласы «Бизнестің жол картасы - 2020» бағдарламасына енгізілетін болады.

Қосымша құн салығын (бұдан әрі – ҚҚС) салықтық әкімшілендіруді жақсарту және жалған кәсіпорындардың құрылуына жол бермеу үшін 2014 жылғы 1 желтоқсанға дейін барлық ҚҚС төлеушілер үшін электрондық шот-фактураларды қолдану мәселесі бойынша заң жобасы әзірленетін болады.

Ағымдағы жылғы қазанда арнайы ҚҚС-шотын енгізу бойынша ұсыныстар әзірленеді.

Ағымдағы жылғы қыркүйекте «Мемлекеттік сатып алу туралы» жаңа Заң жобасының тұжырымдамасы әзірленетін болады.

Ағымдағы жылдың соына дейін жеке тұлғалардың табыстары мен мүлкін декларациялауына көшуі бойынша дайындық жұмыстары жүргізіледі.

## 10. Әлеуметтік жаңғырту

Қазақстан Республикасын дамытудың басты басымдықтарының бірі әлеуметтік жаңғырту болып табылады. Осыған орай жылдың соына дейін Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау жүйесін дамытудың 2016 – 2020 жылдарға арналған басым бағыттарын әзірлеу бойынша тұжырымдамалық ұсыныстар енгізілетін болады.

Тұтынушылар құқығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясатты және нормативтік-құқықтық реттеуді іске асыру мақсатында ағымдағы жылы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын әзірлеп, қабылдайтын болады.

## 11. Сыртқы сауда саясатын дамыту

Қазақстанның сыртқы сауда саясаты көпжақты және өңірлік сауда бірлестіктеріне (оның ішінде Дүниежүзілік сауда ұйымына кіру) қатысу, Беларусь Республикасының,

Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Кеден одағы (бұдан әрі – КО) шеңберінде интеграцияны тереңдеп арқылы әлемдік экономикалық жүйеге интеграциялануға бағытталатын болады.

Осыған орай ағымдағы жылдың соңына дейін:

- 1) Қазақстанның экономикалық мұдделерін ескеру шарттарында ДСҰ-ға қосылу;
- 2) Еуразиялық экономикалық комиссия Жоғарғы кеңесінің шешімі бойынша жекелеген елдермен Еркін сауда аймағы туралы келісімдер жасасу арқылы КО бойынша әріптестермен бірлесіп, елдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту бойынша жұмыс жүргізу жалғастырылатын болады.

2014 жылдың қыркүйегінде Еуразиялық экономикалық одак туралы шартты ратификациялау туралы заң жобасы әзірленеді. Аталған заң жобасын ратификациялау алымдар мен шектеулерді, оның ішінде тосқауылдарды қысқарту процесін, шартқа қатысушы мемлекеттердің кәсіпкерлік қызмет субъектілерінің өзара қолжетімділігін ашуға мүмкіндік береді.

Қазақстан

Республикасы

Үкіметтің ініц

2014

жылғы

25

тамыздары

№ 947

қаулысына

2-қосымша

Қазақстан

Республикасы

Үкіметтің ініц

2014

жылғы

14

сәуірдегі

№ 355

қаулысымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық саясатының 2014 жылға арналған бірінші кезектегі шараларының жол картасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары**

P/c №	Iс-шаралар	Аяқтау нысаны	Орындау мерзімі	Жаупты орындаушылар	Болжамды шығыстар
1	2	3	4	5	6
1. Макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету					
1.	Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағалары мен реттеліп көрсетілетін қызметтер тарифтерінің өсуіне жол бермеу бойынша шаралар қабылдау	ҮӘМ-ге ақпарат	ай сайын	облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, АШМ	талап етілмейді
2.	Өндірістік қажеттіліктерге арналған стратегиялық тауарлар (көмір, газ,		тұрақты		талап етілмейді

	мазут, дизель отыны) бағаларының негізсіз өсуіне жол бермеуді қамтамасыз ету	меморандумдар жасасу		Энергетикаміні, ИДМ	
3.	Азық-тұлік тауарларының тапшылығына жол бермеу үшін тұрақтандыру қорлары ресурстарының тиімді пайдаланылуын қамтамасыз ету	ҰӘМ-ге ақпарат	тұракты	Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері, АШМ, ҰӘМ	талап етілмейді
4.	Мыналарды: 1) салық женелдіктерін тексеру мен онтайландыруды; 2) АӨК субъектілеріне салық салуды жетілдіруді; 3 ) ЖӨБ - ке : - төлем көздеріне (дара кәсіпкерлерге) салық салынбайтын табыстардан ЖТС-ты; - жеke тұлғалардың мұлік салығын; - жеke тұлғалардың көлік салығын; - елді мекендердегі жерлерге жеke тұлғалардан алынатын жер салығын беруді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Казахстан Республикасы Заңының жобасы	2014 жылғы тамыз	ҰӘМ, Қаржымині	талап етілмейді
5.	Бюджетаралық қатынастар жүйесін жетілдіруді көздейтін «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бюджет заңнамасын жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасын әзірлеу	Казахстан Республикасының Заңы жобасының тұжырымдамасы және оны ВАК-қа енгізу	2014 жылғы қараша	ҰӘМ, Қаржымині, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	талап етілмейді
6.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлерінің арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу	Казахстан Республикасы Заңының жобасы	2014 жылғы тамыз	ҰӘМ, мұдделі мемлекеттік органдар, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ (келісім бойынша)	талап етілмейді
7.	Мемлекеттік органдарға тән емес және қайталанатын функцияларды өзін-өзі реттейтін үйимдарға беру	ҰӘМ-ге ақпарат	2014 жылғы тамыз	Қаржымині	талап етілмейді

2. Экономикалық өсуді ынталандыру және экономиканың нақты секторына қолдау көрсету

